

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қыркүйектегі N 1443 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 16 мамырдағы N 458 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қыркүйектегі N 1443 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
ЖАРЛЫҒЫ Қазақстан Республикасы Президентінің
2004 жылғы 17 қыркүйектегі N 1443 Жарлығына
толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексі 123-бабының 3-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті жасау және ұсыну ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қыркүйектегі N 1443 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 36, 469-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті жасау және ұсыну ережесінде:

7-тармақ мынадай мазмұндағы бесінші және алтыншы абзацтармен толықтырылсын:

"жылдың басынан бастап өсу қорытындысымен есепті кезеңге арналған тіркелген міндеттемелердің сомасы;

жылдың басынан бастап өсу қорытындысымен есепті кезеңде орындалмаған міндеттемелердің сомасы";

8-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші абзацтармен толықтырылсын:

"есепті қаржы жылына арналған тіркелген міндеттемелердің сомасы; есепті қаржы жылында орындалмаған міндеттемелердің сомасы".

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК